

Бекітемін:



Г.Жетпісова.

МКҚК «№1 Балабақша» басшысының м.а

«01» 09

2023жыл

Үйірме жұмысы:

«Ойнайық та, ойлайық»

Тәрбиеші: Сайранхан Б

Қыркүйек	1-апта	«Қуыршақты киіндір»	<p>Мақсаты: Киімдерді шешу ретін есте сақтап қалу, оларды ұқыпты жинап және бүктеуге үйрету, киімдердің аттарын сөйлемдерде қолдануға үйрету.</p> <p>Құрал жабдықтар: қуыршақ, қуыршаққа арналған киімдер.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші қуыршақты бөлмеге алып кіріп «Қуыршақ серуеннен келді, қазір ол шешінеді» дейді. Балалар тәрбиешімен бірге қуыршаққа дұрыс шешінуге үйретеді.</p>
	2-апта	«Бізге кім келді?»	<p>Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту.</p> <p>Қажетті құралдар: суреттер</p> <p>Ойын барысы: « Мө-мө-мө, бұл не мөңіреп жатқан Аслан?» дейді тәрбиеші. «Мяу, мяу Айгерім саған кіліп тұрған не?» «Айдыңға біреу келді де пи-пи деді. Ол не?» «Ал, қазір Нұрай одан не тығылып тұрғанынын айтады.»</p> <p>Тәрбиеші өз дауыс ырғағын өзертiп , үлкен әлде кішкентай тышқанның даусы шықта ма деп сұрайды. Ойын осылайшы жалғаса береді.</p>
	3-апта	«Қауырсынды тауып ал»	<p>Мақсаты: Балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.</p> <p>Қажетті құралдар: әтештің суреті немесе ойыншық, түрлі түсті қауырсындар.</p> <p>Ойын барысы: Балалардың назарын тәрбиеші әтештің ашық түсті үлпілдек құйрығына аударады да түсіндіреді: екінші әтеш те әдемі құйрықты қалайтынын және оны сыйға тартуын өтінеді. Балаларды түстерді атап, әр түрлі әтешке сыйлайды. Егер дұрыс болмаса әтеш «Ку-ка-ре-ку! Мен басқа қауырсынды қалаймын » дейді.</p>

	4-апта	«Сықырлы қап»	<p>Мақсаты:Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Қажетті құралдар: әр түрлі ойыншықтар, немесе заттар. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға таныс ойыншықтар мен заттарды жәшікке жинайды. Балаларға менде бір сықырлы дорба бар онда не бар екен дейді.Кәне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді? Балалар заттың атын атайды. Кейін жұмбақтарды шешуге болады.</p>
Қазан	1-апта	«Бағдаршам»	<p>Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін және тілін дамыту.Ертегілер және ертегілер кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. Қажетті құралдар: қызыл,жасыл түсті дөңгелектер және суреттер.</p> <p>Ойын барысы: Балаларға екі қызыл және жасыл түсті дөңгелек береді.Тәрбиеші ертегі кейіпкерлеріне байланысты сөздер айтады,бала сөздердің дұрыс атауын естісе,жасыл дөңгелекті көтереді.Ал қате болса-қызыл түсті дөңгелекті көтереді. Содан кейін суреттерді көрсетіп,балалармен бірге әр сөзді қатты,жай және анық қайталап айтуы тиіс.Сөздер қай ертегіде кездесетіні туралы әңгімелеу</p>
	2-апта	«Ертегіні ойнайық»	<p>Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, балалардың фонетикалық есту қабілетін және сөйлеу тілін жетілдіру. Қажетті құралдар: ертегі кейіпкерлерінің суреті.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға өткен ертегілерін естеріне түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып,қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды.Мысалы «Қызыл телпек» ертегісін естеріне түсіреді.Қызыл телпектің дауысы төмен дауыс,әженің дауысы ортаңғы дауыспен,ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып,ертегіні айтып береді, содан кейін қандай кейіпкердің дауысы екенін табуын сұрайды</p>

Қараша	3-апта	«Ертегіні ата»	<p>Балаларды ертегілерді айырып,атай білуге үйрету.Күрделі сөйлемді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құра білуін қалыптастыра отырып өз ой-пікірлерін айта білуге үйрету және жинақтау,талдау қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Қажетті құралдар: суреттер</p> <p>Ойын барысы</p> <p>Балаларға бірнеше ертегілердің суретін көрсетеді. Суреттегі ертегілерді қарай отырып, ертегі кейіпкерлерді атап және оларды сиппаттайды.</p>
	4-апта	«Жеміс бағы»	<p>Мақсаты: Жемістер туралы білімдерін жетілдіру алма,алмұрт-олар жеміс деп түсіндіру.Қызыл ,сары,сопақ,үлкен ,кішкене пішінге байланысты сөздерді дұрыс айтқызу. Шырыны ,дәмі, қабығы деген сөздерді дұрыс айтуға үйрету..Ойлау қабілеттерін дамыту.Жемістер туралы түсінік беру.Сөздік қорын молайту. Қажетті құралдар: жесістердің муляждары немесе суреттер.</p>
	1-апта	«Үй жануарларына саяхат»	<p>Мақсаты:Үй жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншық пішіндерін көрсетіп әңгімелесу.Осы жануарлардың адамға пайдасы диалог түрінде сөйлесу.Балаларды үй жануарларын сүюге қамқорлық жасауға үйрету. Балалардың ойын дамыту, сөздік қорын молайту.</p> <p>Қажетті құралдар:үй жануарларының суреті</p> <p>Ойын барысы: үй жануарларының суретін көрсетіп, оларды дұрыс атап және олардың пайдасын айту.</p>
	2-апта	«Көңілді гномдар»	<p>Мақсаты:Апта күндерін рет-ретімен дұрыс айтуға үйрету.Кеше, бүгін, ертең деген ұғымдары туралы білімдерін кеңейту.Балалардың логикалық ойларын зейінін,тіл байлығын дамыту.</p> <p>Қажетті құралдар: суреттер</p> <p>Ойын барысы: «Қандай гномик жоқ» Балалар көздерін жұмады,бір гномикті тәрбиеші тығып қояды .</p>

	3-апта	«Өз жұбыңды тап»	<p>Мақсаты: Балалардың сөздік қорлары дамып, ойлау қабілеттері жетіледі, сонымен қатар назар аудара отырып саусақ моторикасы дамиды. Бұл ойын маңызды роль атқарады. Тілдері дамиды.</p> <p>Ойын барысы: Бала қолымен ұстап сипап сезу арқылы жұбын табу керек.</p>
	4-апта	«Ғажайып қорапша»	<p>Мақсаты: Ойлау қабілеттері дамиды. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздігін байыту, жалпы ой-өрісін дамыту, байқағыштыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қажетті құралдар: қолғап, әр түрлі заттар.</p> <p>Ойын барысы: Балалар қолдарына қолғап киіп қорапшада не зат екенін айтады</p>
Желтоқсан	1-апта	«Киім дүкені»	<p>Мақсаты: Киімдердің атын атай отырып білімдерін кенейту, рет-ретімен қоюға үйрету. Бұл ойын арқылы балалардың тілдері дамиды, сөздік қорлары жетіледі. Киім аттарына байланысты сөздерді дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Үйренген сөздерді бекіту. Сұрақ-жауап ретінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Ойын кезінде дұрыс қолдана білуге үйрету.</p> <p>Қажетті құралдар: суреттер</p> <p>Ойын барысы: киім дүкенінен ауа райына байланысты қажетті киімдерді сатып алу.</p>
	2-апта	«Көлеңкесінен тап»»	<p>Көкөністер мен жемістерді ажыратып, дұрыс атай білуге үйрету. Сөйлемді толық айтуға, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.</p> <p>Қажетті құралдар: жемістер мен көкөністердің бейнесі бейнеленген суреттер</p> <p>Ойын барысы: жемістер мен көкөністердің көлеңкесіне қарап, қандай жеміс немесе көкөніс екенін анықтау.</p>
	3-апта	«Сиқырлы суреттер»	<p>Ойынның мақсаты: балалардың ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.</p> <p>Байланыстыра сөйлеуге, әңгіме құрап айтуға үйрету.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.</p> <p>Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.</p>

Қаңтар	4-апта	«Шыршаны безендір»	<p>Мақсаты: Түстердің реңкі бойынша топтастыра білуге үйрету.</p> <p>Құрал - жабдықтар: түрлі - түсті қатты қағаздан қиылған шырша және шырша ойыншықтары.</p> <p>Ойын барысы: Балаларға шырша ойыншықтарының қиылған пішіндері үлестіріледі. Мольбертке қиылған шырша бейнесі ілінеді.</p> <p>- Балалар, жақында балабақшада шырша мерекесі аталып өтті, барлығы көңілді болды. Әдемі ойыншықтар мен безендірілген шырша жанында өлең айттық, би биледік, аяз атадан сыйлық алдық. Аяз аталарыңа барлығы да ұнапты. Ол кетер алдында мына кішкентай шырша мен ойыншықтарды сендерге тастап кетті.</p> <p>Қане, мына шыршаны сол ойыншықтар мен безендірейік</p>
	1-апта	«Кімге не керек?»	<p>Балалардың ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Құралдарды дұрыс атап, сөйлеу барысында орынды қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларын көбейту, тілдерін дамыту.</p> <p>Қажетті құралдар: әт түрлі мамандақ иелері және оларға қажетті құралдар.</p> <p>Ойын барысы: сурет арқылы кімге қандай құрал қажет екенін сызық арқылы көрсету.</p>
	2-апта	«Не жоқ?»	<p>Балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, тілдерін дамыту. Сөздік қорларын байыту.</p> <p>Қажетті құралдар: құстардың суреті</p> <p>Ойын барысы: алдымен құстарды атап шығу, бір құсты жасыру, балалар ол жерде қандай құстың жоғын табу керек.</p>
	3-апта	«Сипаттаған затты тап»	<p>Балалардың ойлауын, зейінін арттыру. Мұқият тыңдап, дұрыс жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>Сөйлемді толық айтуға үйрету.</p> <p>Қажетті құралдар: жабайы жануарлардың, аңдардың суреті немесе ойыншықтар.</p> <p>Ойын барысы: белгілі бір жабайы жануарды, аңдарды пішініне немесе ерекшеліктеріне байланысты сипаттау. Ал балалар мұқият тыңдап, қандай жануар немесе аң екенін табу керек.</p>

Ақпан	4-апта	«Алманы түсіне қарай себерке орналастыр»	Түстерді ажырата білуге, топтастырып айтуға, көпше түрде айтуға үйрету. Тілдерін дамыту. Қажетті құралдар: себеттер, түрлі түсті алмалар Ойын барысы: себетке түстеріне байланысты алмаларды топтастырып жинау.
	1-апта	«Бұл кім?»	Балалардың мамандықтар турлы білімдерін арттыру. Ойлау қабілетін, тілін дамыту. Қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Қажетті құралдар: әр түрлі мамандақ иелелерінің суреті. Ойын барысы: сурет бойынша, қандай мамандық иесі екендігін, қандай қызмет атқаратынын айту. Болашақта кім болғысы келетіні туралы шағын әңгіме құру.
	2-апта	«Бақта ма, бақшада ма?»	
	3-апта	«Шамдар»	Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту. Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп шығады.
	4-апта	«Тышқанды жасыру»	Мақсаты: Балаларда 6 түс туралы түсінік қалыптастыру. Көрнекі құралдар: 6 түсті қағаз,мысық жұмсақ ойыншық. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға жасыр» ойынын ойнаймыз дейді. Менде тышқандардың іні бар. Тақтаға 3 інді қояды да, қасына 6 түсті шаршы қояды. Мінекей балалар көрдіңдер ме? - Тышқандар терезелерінен қарап тұр. Осы тышқандарды тығу үшін шаршыларды қолданып терезелерді жабамыз, есік түсі үй түсімен сәйкес болу керек. Әйтпесе мысық тышқандарды ұстап алады. Тақтаға үш баланы шақырып, терезелерді жабуын сұрайды.

Наурыз

1-апта	«Сыңарын тап»	<p>Мақсаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Аяқ киімдердің түр - түсіне, көлеміне, пішініне және ою - өрнегіне байланысты сыңарын таба білуге. Ер адамдар мен әйел адамдар киетін аяқ киім үлгілерінің ерекшеліктеріне назар аудару, ұлттық ою - өрнек элементтерінің қолданылуы жайындағы ұғымдарын жетілдіру. Зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Көрнекіліктер: Түстері бірдей, ою - өрнек элементтерінде айырмашылықтары бар. Пішініне қарай бірнеше аяқ киім түрлері алынады.</p> <p>Ойын барысы: балалармен ұлттық ою - өрнек түрлерін көрсетіп, атын таныстырады. Берілген аяқ киімдердің бірінен айырмашылығын ажыратып сыңарын табуға көмектеседі. Тапсырма беріледі.</p>
2-апта	«Кемпірқосақ»	<p>Мақсаты: Балаларды түстер жүйесімен таныстыру. Спектрдегі түстердің орналасуымен таныстыру</p> <p>Көрнекіліктер: «Кемпірқосақ» суреті. Толық аяқталмаған кемпірқосақ қағаздары. Жапсыруды аяқтауға жеті түсті жолақшалар. Жапсыру құралдары.</p> <p>Ойын барысы: Балалардан жауыннан кейінгі шығатын кемпірқосақты кімнің көргенін, онда қандай түстер бар екенін сұрап, ойын құралдарын тақтаға іледі, түстерді толық атын атап орналастырады. Жеке балалардың алдарына ойын құралдары үлестіріліп балалар өз бетімен жұмысты үлгіге қарай отырып орналастырады.</p>

	3-апта	Заттардың түсін ажыратайық»	<p>Заттың түсін ажырата білуге балаларды жаттықтыру;</p> <p>өз - ара бір - біріне жақын түстерді ажырата білуге: қызыл - сарғыш, қызыл - ашық қызыл, ашық қызыл - сия көк түс, көк - көгілдір.</p> <p>Ойын құралдары: Түстері өз - ара жақын екі зат бейнеленген суреттер: қызанақ пен сәбіз, роза гүлі мен түймедақ. Бір сурет бейнесі тұтас жапсырылған да, екінші жанындағы сурет бейнесінің пішіні ойылған. Ойылған беті қалташа етіп жасалған.</p> <p>Ол қалташаға төртбұрышты түсті қағаздар салынады.</p>
	4-апта	«Бідыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес»	<p>Мақсаты: Алты түсті меңгертуді үйретуге жаттықтыру.</p> <p>Құралдар: «қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр», «сарғыш» шыны аяқ силуеттері.</p> <p>Ойын барысы: Педагог тақтаға жолақ қалталары бар суретті іліп, шыны тарелкелерді қойып шығады. Бала осы ған сәйкес түсті саптаяқты іздеп, шыны аяқ үстіне қояды.</p>
Сәуір	1-апта	«Түрлі – түсті көйлектегі бишілер»	<p>Кемпірқосақ түстерінің орналасу реттілігі мен түстің атауын білуді бекіту. Қуыршақтардың көйлектері мен түстері жайлы әңгімелей білуге жаттықтыру.</p> <p>Ойын құралдары: Кемпірқосақ суреті.</p> <p>Ойын барысы: 7 дос қыз алаңға шығып билемекші болады. Бір сәт аспанда кемпірқосақтың асылып тұрғанын көріп қалған қыздар, дәл сол кемпірқосақтың түсіндей болып көйлек кимекші болады. Бірақ кемпірқосақ түсінің қалай орналасқанын ұмытып қалыпты. Ал, сендер білесіңдер ме? Міне кемпірқосақтың түстеріне ұқсас 7 түсті тіктөртбұрышты пішіндер.</p> <p>Қане қыздарымызға көмек берейік.</p>

	2-апта	«Не артық?»	<p>Балалардың зейінін арттыру, есте сақтау қабілетін дамыту. Оларды топтастырып айта білуге және айырмашылықтарын анықтай білуге үйрету.</p> <p>Құрал жабдықтары: суреттер, ойыншықтар, мазмұны: артық тұрған суретті немесе артық тұрған ойыншықты табу. Қалған бірдей заттарды топтастыру</p>
	3-апта	«Сайқымазақ-тарды киіндір»	<p>Мақсаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау.</p> <p>Ойын құралдары: Дөңгелектің ортасында қозғалмалы сағат тілдерімен, ақ түсті киімдегі билеп тұрған кейіптегі сайқымазақтар суреті орналасқан.</p> <p>Ойын барысы: олардың орналасу тәртібі жайлы түсінік береді. Сарғыш түстен кейін сары, одан кейін жасыл, көгілдір, көк, сия көк, қызыл түс. Сағат тіліне қарсы тұрған түсті алып 2 түстерді атап, сайқымазақтардың киімін киіндіреміз. Түстерді атап сөйлем құрастыра білуіміз керек. Сайқымазақтарды киіндіріп болғаннан кейін, олардың түстерінің ерекше қанық, айқын екендігіне назар аударады.</p>
	4-апта	«Төлін тап»	<p>Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Олардың төлдерін дұрыс тауып, атай білу.</p> <p>Құрал жабдықтар: үй жануарларының суреті немесе ойыншықтар төлдірімен.</p> <p>Мазмұны: сызық арқылы жануарларға төлдірін дұрыс тауып, қосу</p>
Мамыр	1-апта	«Артығын тап»	<p>Балалардың зейінін арттыру, есте сақтау қабілетін дамыту. Оларды топтастырып айта білуге және айырмашылықтарын анықтай білуге үйрету.</p> <p>Құрал жабдықтары: суреттер, ойыншықтар, Мазмұны: артық тұрған суретті немесе артық тұрған ойыншықты табу. Қалған бірдей заттарды топтастыру</p>

2-апта	«Өз үйдінді тап»	<p>Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.</p> <p>Ойынның мазмұны: Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.</p>
3-апта	«Қай қолымда көп»	<p>Ойынның мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар—моншақтар, түймелер</p> <p>Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.</p>
4-апта	«Тәулік бөліктері»	<p>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер</p> <p>Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.</p>